

## Тарбағатай ауданының Екпін ауылдық округінің "Пыштахан" қыстағына шектеу іс шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Екпін ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 28 мамырдағы № 07 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 01 шілдеде № 4014 болып тіркелді. Күші жойылды-Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Екпін ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 26 тамыздағы № 16 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды-Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Екпін ауылдық округі әкімінің 26.08.2022 № 16 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына сәйкес Тарбағатай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынысы негізінде Екпін ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ**:

1. Екпін ауылдық округінің "Пыштахан" қыстағындағы мүйізді ірі кара малдарынан құтырық ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Тарбағатай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы Б.Қажыкеновке осы шектеу іс-шараларынан туындайтын талаптарының орындалуына бақылауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Екпін ауылдық округінің әкімі*

*Б. Сербатыров*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Тарбағатай ауданының бас мемлекеттік  
ветеринариялық-санитариялық инспекторы*

*Б. Қажыкенов*